

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Тұгел түркіге керегі – «Томирис» пен «Күлтегін»



«Көп түрік енші алып тарасқанда» (М.Жұмабаев) қасиетті қарашаңыракты ұстап қалған біздің ел түбі бір туысқан халықтардың рухын оятатын ортақ құндылықтарды насиҳаттау ісінде де бірегей қадамдар жасап отыр. Қазақстандық режиссер Ақан Сатаев түсірген «Томирис» фильмінің алғашқы ресми трейлерінің түркі дүниесінде зор қызығушылық тудырғаны соның айғағы деуге болады. Трейлер түрік тіліндегі субтитрімен жарияланған соң, бір күннің ішінде интернет қолданушылары миллион рет көріп ұлгеріпті. Шамасы бауырлас жұрт түбі бір халықтардың көне тарихынан сыр шертетін көркем туындыға сусап жүрсе керек. Біздің де шөліміз қанбады. Бірақ біз көне тарихымыз жайлы көркем туындылар жасау ісін бастадық.

Түркиялық ғалым, сарапшы Күршад Зорлы «Томирис» фильмінің трейлері жарияланған кезде twitter-де «Томирис фильмі. SATAI Film оны көрерменге ұсынуға даяр... Бұл жерде алғаш рет жариялада отырмын. Б.з.д VI ғасырда сақтар Ұлы даланы басып алғысы келген парсы патшасы II Кирдің әскерін тас талқан етті. Ол қолбасшы – Томирис хатун-дүр. Түрік кинематографтары мұны елімізге алып келмей не қарап жүр?» деп жазған-ды. Сөйтіп түріктер фильм трейлеріне айрықша қызықты. Әзербайжандықтар да ерекше назар аударды. Былтыр қараша айында «Күлтегін» анимациясы жарыққа шыққанда да түркиялықтар елең ете қалғаны бар. Сол кезде TRT AVAZ арнасының twitter-дегі аккаунты «Күлтегін» анимациясы Қазақстан астанасында көрсетіле бастады.

Фильм екінші Түркі қағанатының қолбасшысы Күлтегіннің өмірін сипаттайтын» деп жазып, оны түркиялықтар мен әзербайжандықтар көп бөліскең. Сол кезде де бауырлас халықтардың тұп тарихқа құмар екенін байқағанбыз. Шамасы, әркім «жеке батыр» болып өмір сүру қыын екенін, көне замандағыдай жұмылған жұдырық болсақ қана ұшпаққа шығатынымызды сезетін болса керек. Әлде, В.Ленин айтқандай, «Кино – өнердің ішіндегі ең маңыздысы» болып қала беретінін анғарта ма, кім білсін?! Біз тек көне тарих заманауи мәдени-гуманитарлық интеграцияға тамаша қызмет жасайтынын сезіндік. Ал Қазақстан түркі тарихының тереніне үнілген туындылар әзірлеу арқылы туыс халықтар үшін іс жүзінде қарашаңырақ бола алатынын байқатып келеді.

Өнер де интеграцияны терендеуге қызмет етеді

Жалпы түркі халықтарының бір-бірімен қайта табысуы, интеграциялық процестер саяси қадамдардан гөрі, мәдени-гуманитарлық бағытқа қарай бұрыла бастағанын байқаймыз. Біз сөз етіп отырған фильмге бауырлас халықтардың қызыға қарауы соның айғағы. Өйткені, жаһандық супердержавалар аймақтық интеграциялардың терендеуіне тек өз мұдделеріне сәйкес келгенде ғана мүмкіндік беретінін байқап жүрміз. Кезіндеге «Орталық Азия одағы құрылады» деген әңгіме шыққан, бірақ кейін сол одақтың бел ортасында жүруі тиіс бірқатар мемлекеттер онаша болғанды қалайтынын байқатқан. Түркі интеграциясы мәселесінде де сондай үрдіс бар. Бірақ мәдени-гуманитарлық интеграцияның сипаты бөлек. Халықаралық Түркі академиясы әзірлеген «Ортақ Түркі тарихы», «Ортақ Түркі әдебиеті» оқулықтарын Түркі кеңесіне мүше елдердің макұлдауы, кейін «Ортақ Түркі географиясы» оқулығын әзірлеуге білікті мамандарын жіберуі бауырлас халықтар арасындағы байланыстардың ғылыми, мәдени-гуманитарлық бағытта өрбігені тиімді екенін көрсетеді. Яғни, бұғін бір-бірінің туыс екенін біліп өсken үрпак, ертең саяси-экономикалық интеграцияның терендеуіне қызмет етері сөзсіз. Түркілер бір одақ құрмажаның өзінде бір-біріне кедергі жасамай, тілеулес болып отырады. Интеграциялық процесте бұл да маңызды. Ал тарихты теренен бастау, бауырлас халықтардың отау болып бөліне бастаған тұсын емес, іргесі ажырамаған кезін халықтың

санасына сіңіру үшін маңызды. Тұыс халықтардың «Томирис» фильміне қызығуынан туындының сол қызметті атқарып тұрғанын анғардық.

Қазақстанда түсірілген «Томирис» фильмі мен «Күлтегін» мультфильмі түркінің тарихи танымын жаңғыртуда өзгеше сипаттағы туындыға айналды. Өйткені арғы тарих жайлы туынды жасаған түркі мемлекеті жоқ. Түркияның өзі сақтар мен ғұн заманы, Түркі қағандығы түгілі, берідегі Селжүқ империясы туралы фильм түсірмепті. «Түркіе» газетінің колумнисі Мерием Айбике Синан «Томирис» фильмін кім әкеледі?» деп аталатын мақаласында Томиристі Алып Ер Тұңғаның тікелей ұрпағы дейді. Түркі тарихындағы ең алғашқы билеуші-бібі деп сипаттайты да «Тарихи фильмдер мәселесіндегі біраз олқы тұстарымыз бар. Осман империясынан әріге бара алмай жүрміз. Әлі күнге Селжүқ заманы туралы бірде-бір фильм түсірмедік. Өзге түркі мемлекеттері жайлы фильмдеріміз көбіне утопияға ұқсап кетеді... Жас кезімізде Хусейін Нихал Атсыздың «Бозқұрттар» дейтін романын оқығанда бұл кітаптағы оқиғалар желісімен фильм түсірілсе ғой дейтінбіз. Әкінішке қарай, Көктүрктерді, Құршад пен қырық сарбазын жырлайтын бұл романды фильмге айналдыратын режиссер өсіріп шығара алмадық» деп жазды. Содан соң «Ертұғрыл» сериалын түсірген Мехмет Боздағ пен TRT арнасының бас директоры Ибрахим Ереннен «Томиристі» Түркияда көрсетуге мұрындық болуды сұрапты. Қысқасы, түркиялықтар қазақ жасаған фильмді есте жоқ ескі замандағы бабалар рухын сезіндіретін туынды ретінде бағалайтын болса керек. Әрі сақ заманына түркиялықтардың назар аудара бастағанын аңғартады. Бұрын түрк оқымыстыларының көбі сақтарды түркі тарихына қатысы жоқ қауым ретінде бағалайтын. Соңғы жылдары бұл көзқарас өзгеріп келеді. «Томирис» фильмі де осы өзгерістерге үлес қосуы бек мүмкін.

Іргеміз ажырамаған кездерге бара алмай жүрміз

Тарихи оқиғаларды көркем туынды етіп жасаған жақсы әрине. Себебі фильм де, анимация да белгілі бір мөлшерде халықтың таным-түсінігіне әсер етеді. Бұқараның кітап окуы азайып, академиялық еңбектердің тілі тым күрделеніп кеткен заманда тарихи сананы фильмдер арқылы да қалыптастыруға болады. Мәселен, режиссер Ридли Скотт түсірген «Гладиатор» деген фильм бар. Сол фильмдегі Рим императоры Марк Аврелий өмірде болған адам, ал Максимус Децим Меридийдің есім-сойы ешбір тарихи құжатта кездеспейді. Бірақ фильмді Рим дәуірінің шындығы ретінде бағалайтындар да кездеседі. Сол сияқты «Адмирал» фильмінен кейін отандастарымыздың бірқатары адмирал Колчакқа сүйсінгені есте қалыпты. Оның қазаққа жасаған қысастығын ұмытып кете жаздағанбыз. Қысқасы, біраз жұрт фильмдер арқылы тарихи таным қалыптастырып жатыр. Тура біздің Илияс Есенберлиннің еңбектері арқылы Алтын Орда мен Қазақ хандығы дәуірін елестететініміз сияқты дүние.

Қазақстанда Түркияның TRT телеарнасы түсірген «Тірілу. Ертұғрыл» сериалы танымал болған-ды. Әйгілі Осман империясын құрған тұлға Осман ғазының әкесі Ертұғрыл туралы айтылады. Түріктер сериалды әлі де жалғастырып жатыр, алайда оның соңғы бөлімдері біздің арналарға жеткен жоқ. Дегенмен оқиға желісі XIII ғасырдың орта тұсына сәйкес келетін сериал қазақстандықтарды ғана емес, түркі жұртының барлығын, тіпті арабтарды да қатты қызықтырған. Одан бөлек түріктер Fetih-1453 деген фильм түсірді, бірақ оны біздің көрермен естіген де жоқ. Біз тек заманауи сериалдары мен Кануни сұлтан Сүлейман жайлы сериалды ғана білеміз. Қырғыздың тарихи фильмдерінен қазаққа ең танымалы «Құрманжан датқа» ғана. Өзбектер әйгілі Жалал ад дин Мәңгіберді жайлы фильм түсіріп жатыр екен. Бірақ ол әзірге жарыққа шыққан жоқ. Хорезмшах Мұхаммедтің баласы, Шыңғыс қағанға ұзак уақыт бойы қарсылық көрсеткен, қаған да іштей құрмет тұтқан тұлға деседі білетіндер. Әмір Темір жайлы фильмнің де сценарийі даяр деседі. Бірақ түсіру жұмыстары басталмапты. Орыстардың «Ордасы» да, «Монғолы» да, қытайлар түсірген «Шыңғыс хан» мен «Құбылай хан» сериалдары да, қысқасы түркі тарихына азды-көпті қатысы бар туындылардың барлығы дерлік бауырлас жүрттардың

іргелері ажырап, қарашаңырақтан бөлініп, жеке-жеке этнос ретінде қалыптасуының басталған кезіндегі оқиғаларды сипаттайты. Арғы тарих емес. Бәлкім, содан да шығар, Жәлел ад-Дин Мәңгіберді немесе Ертүрғыл жайлы туындыларда Шыңғыс пен оның ұрпақтары – ата жау. Шыңғыс қаған жайлы фильмдер мен сериалдарда Орталық Азия мемлекеттерінің әміршілері хас дүшпан ретінде сипатталады. Теріскейдегі жүрт түсірген фильмдерде, айтalyқ «Ордада» біздің бабалар қаныпезер, қатыгез, тіпті даланың тағылары сияқты суреттеледі. Қысқасы, тарихи фильмдерді әркім өз ұлтының танымы мен идеологиясы тұрғысынан түсіріп жатыр. Демек, әр елдің өзіндік тарихи танымы тұрғысынан баға беріліп жатыр деген сөз. Біз де «Алмас қылыш» фильмінде Мұхаммед Шайбаниді тым ұрда-жық, дөрекі, қеудемсоқ қылыш көрсеткенбіз. Әлеуметтік желі қолданушылары оның «қызы бейнелі» етіп сипатталғанын сынаған. Киіміне де мін таққан. Ал біздің тарихта Қасым ханның бөлесі һәм ең басты қарсыласы ретінде ғана қалған Мұхаммед Шайбани азулы шах Исмаилдің де бәсекелесі еді. Шах Исмаилдың Еуропаны дірілдеткен Осман империясымен тірекенін ескерсек, Қасымның бөлесі де онай болмағаны. Бәлкім содан да шығар, шығыста суретшілердің пірі саналатын Кемаләддин Бекзат та Мұхаммед Шайбанидың бейнесін салыпты. Ол сурет бізге де жеткен. Бірақ Қазақ хандығының құрылуы кезінде ол біздің қарсыласымыз болды. Сөйтіп, бұғаңға шығармаларда біздің қолайымызға жағатын деңгейде суреттеліп жүр. Құллі түркі әлеміндегі жағдай солай. Әркім көрпені өздеріне тартумен әлек. Ал «Томирис» фильмі бұл тұрғыдан қарастырсақ, сипаты мен мазмұны бөлек дүние болғалы тұр. Кәдімгідей идеологиялық мәнге ие болған туындыға айналатын түрі бар. Өйткені Томирис – құллі түркі жүртына ортақ тұлға.

P.S. Жаһандагы түркілердің өткен дәуірлердегі бір-бір қаһарманды енишілеп алғаны байқалады. Өзбек ағайынның Әмір Темірі мен Жәлеладдин Мәңгібердің бар, қырғыз ағайынның Манасы бар, әзербайжан жүртты әйгілі Сефевидтер мемлекетін мақтан етеді. Түріктегі Алпарсылан мен Ертүрғылды, Осман падишашарын алға тартады. Бірақ Томирис пен Мәдені, Бұмын мен Білге қагандарды мадақтан жатқан ешкім жоқ. Ал олардың дәуірі барша түркінің бір тудың астына жиналған кездері еді.

Амангелді ҚҰРМЕТ